

«НАРТАЙЛАҚ» БӨБЕКЖАЙ-БАҚШАСЫ» МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРЫНЫ



Бекітемін: 
«Нартайлақ» бөбекжай-бақшасының
менгерушісі А.Н. Сулейменова

**Бес білім беру дағдыс бойынша «Күншуақ» кіші тобына арналған ұйымдастырылған іс-
әрекетінің перспективалық жоспары**

(қазан айы)

Бекітуге ұсынамын: 
«Нартайлақ» бөбекжай-бақшасының
әдіскері Г.К. Тастан

Жаңақоныс ауылдық округі
2024-2025 оқу жылы

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2024-2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: «Нартайлақ» бөбекжай-бақшасы

Топ: Кіші топ

Балалардың жасы: 1-2 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: Қазан айы 2024 жыл

Тәрбиешілер: С.Иманова, С.Ғаппанова

Ұйымдастырылған іс- әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Денешынықтыру	Жалпы дамытушы жаттығулар. Бұрылу(оңға-солға),қолды кеуде тұсында айкастыру және екі жағына жазу, қолды шапалақтау; қолды алға, жоғары, жан-жаққа көтеру, оларды бүгін, жазу, саусақтарын ашып жұму; тізені бүгін жазу(екіншісіне тұрып)алға,жанына,артқа қадам жасау, аяқты алға, өкшеге қою; табандарды бұту (жазу) Негізгі қимылдар: педагогтің артынан жүру, жұптасып жүру, шеңбер бойымен қол ұстасып жүру бағытты өзгерте отырып жүру, жүруден жүгіруге ауысу, бағдар бойында жүру (кілемнің бойымен, жіпке дейін), кедергілерден аттап жүру. Бірқалыпты жүгіру, шашыран, берілген бағытта жүгіру, шағын топқа бөлініп және бүкіл топпен, бағытты өзгертіп,30-20 сек бойына үзіліссіз жүгіру, жүруден жүгіруге және керісінше ауысу; Бір орында тұрып екі аяқтап секіру,10-13см биіктен секіру. Кедергілі, жазықтың бетімен, еңгіс тақтайдың үстімен еңбектеу, үстел, арқанның астымен нысанаға дейін төрттағандап (алақанымен, тіземен тіреп) еңбектеу. Екі қолмен 1-1,23 м арақашықтықтағы (көлденең) нысанаға (кеуде тұсынан,төменнен, жоғарыдан (қағып алмай) доптарды домалату, доптарды бір-біріне домалату. Жиектері шектелген тура жолақпен (снi 20-23 см, ұзындығы 2-2,3 м)гимнастикалық орындықтың үстімен жүру, заттарға шығу (гимнастикалық орындыққа, жұмсақ модульге және тағы басқа), тұру, қолын жоғары көтеру,түсу; Мәдени-гигиеналықдағдылар. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше, ересектердің көмегімен жоюға, қолорамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге, ілгектің әртүрлерін қолдана білуді жаттықтыру. Киімдерді шкапка немесе орындыққа ұйқыға жатар алдында ұқыпты жинау білігін бекіту. Жолдасының киіміндегі ұқыпсыздықты көруге және оған өз көмегін ұсынуға үйрету. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды толтырып сөйлемей. Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелді даярлау заттарымен таныстыруды жалғастыру.

	Жуыну туралы қысқа өлеңдерді немесе тақпақтарды үйрету, оларды ересектермен немесе өз бетінше қайталау. Сауықтыру-шынықтырушаралары: Балаларды серуен кезінде ультракүлгін сәуленің әсерінен ауа, су шараларының үйлесімділігімен шынықтыру; Дербес қимыл белсенділігі. Ересектердің көрсетуі бойынша кейбір қимылдарды орындайды, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіреді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындай алады. Спорттық жаттығулар: Велосипед тобу. Үш дөңгелекті велосипедке отырғызу, ересектердің көмегімен және көмегінеіз түсіру, ересектердің көмегімен және өз бетімен рөлді басқару;
Сөйлеуді дамыту	Айналасындағы адамдардың сөзін есту және тыңдау, түрлі дыбыстарды саралау, дауыстың қаттылығы мен айтылу жылдамдығын ажырата білуді. Дауысты және дауыссыз дыбыстарды (ызың және үндіденбасқа) еліктеу сөздерін қолдана отырып дұрыс айтуды жетілдіру Сөздік қор. Балаларды заттардың қасиеттері мен олармен әрекеттердің атауын айтуға, тілдік қарым-қатынасқа, ауызша сөйлеуге, зат есімдерді, сын есімдерді қолданып, заттарды (киімдер, ыдыстар) сипаттауға үйрету. Тілдің грамматикалық құрылымы. Балаларды педагогтің сөзін түсінуге, сөйлегенде заттарды сипаттау үшін зат есімдерді етістіктермен, сын есімдермен бірге қолдануға, зат есімнің көпше түрін пайдалануға, сөздерді дұрыс айтуды ескере отырып, сөз тіркестерін (сын есім +зат есім, зат есім+ етістік) құрауға үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Балаларды ересектердің сөзін тыңдай білуге; ересектермен және құрдастарымен тілдік қарым-қатынас жасауды дамыту; қарапайым (Кім? Не? Не істейді? және тағы басқа) және бірте-бірте күрделі (Нені ұстады? Нені әкеледі?)сұрақтарға жауап беруге, көркем сөзді эмоционалы қабылдауды, балалар әдебиеті шығармаларының бейнесін және мазмұнын түсінуге, қысқа тақпақтар мен санамақтарды жатқа айта білуге үйрету.
Көркем әдебиет	Ертегі, әңгіме кейіпкерлеріне, оқиғаларға жанашырлық білдіруді; Кейіпкерлермен тақпақтардың мазмұнын, ырғақты ойындарды қайталауды эмоционалы қабылдауды; Таныс тақпақтарды қайталауды; Ойыншықтарды қолданып, мазмұны күрделі емес ойындарға қатысуды үйрету.
Сенсорика	Заттармен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқаумен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындау; Көлемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды; Түрлі көлемдегі геометриялық пішіндерді негізгі түсі, әртүрлі көлемі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру.
Құрастыру	Құрылыс материалдарынан және ірі конструктор бөлшектерінен құрастыруға үйрету; Әртүрлі түстегі және пішіндегі геометриялық пішіндерден тұратын ағаш, пластмасса құрылыс материалдарын қолдануды үйрету; қарапайым түрде бөгет жасай отырып, кірпіштерді түрліше үйлестіріп орналастыру туралы білімдерін қалыптастыру.

Қоршаған ортамен таныстыру	Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру. Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Жануарларға тән ерекшеліктермен таныстыру, дене бөліктерін (танауы, күйрығы, аяқтары) ажыратып және атай білуге үйрету. Көкөністер мен жемістер туралы (қызанақ, қияр, алма) қарапайым түсініктерін қалыптастыру; Ауладаты ересектердің еңбегін, аулада ұялып келетін құстарды, маусымға тән табиғат құбылыстарын бақылау. Қоршаған табиғаттың сұлулығын қабылдау. Бір-бірінің атын атап, қарым-қатынас жасай алуы, жолдастарының есімдерін есте сақтауды дамыту
Сурет салу	Бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту мен көркемдік қабылдауларын дамыту; Түзу, көлденеңдік, толқын тәрізді және түйіскен дөңгелек сызықтарды жүргізуді, осы әрекеттерді ырғақты кайталауды үйрету (жаңбыр, қар, жол, түтін), парақ бетінде бейнені орналастыруды жетілдіру; Ашық түсті бояуларға деген эмоционалды –эстетикалық қатынасын тәрбиелеу
Мүсіндеу	Сазбалшықты дұрыс қолдану біліктерін жетілдіру; Техникалық дағдыларды қалыптастыру: заттардың қарапайым және оданда күрделі пішіндерін мүсіндеу дағдыларын дамыту
Жансыру	Фланелеграфта бейнелеуді (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қоюға және құрастыруға үйрету. Фланелеграфтің кенесін қолдану арқылы геометриялық пішіндерді, машиналарды, үйлерді, доптарды, шарларды, гүлдерді, қазақтың ұлттық бас киімдерін, тағы басқа заттарды орналастыруды меңгерту.
Музыка	Музыка тыңдау: Әннің мағынасын түсіну, қолыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын, түрлі ырғақты, түрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау мен әуендерді тани білу дағдыларын қалыптастыру; Ән айту: 1) ән айтуға қызығушылықты дамыту, тәрбиешінің дауыс ырғағына еліктеу, әннің сөздері мен жеке буындарды айту, созылмалы дыбысталуға еліктей отырып ересекпен қосылып ән айту, аспаптардың шығаратын және ересектің ән айтуына келтіріп, әнді күш түсірмей, табиғи дауыспен, дауысты жылдамдатпай, жеке сөздерді айқайламай айтуды қалыптастыру; Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Бүбенемен, сылдырмақпен, бірқалыпты ырғақты, түрлі бейнелік -ойын қимылдарын бере отырып заттармен қимылдар жасауды үйрету; Қарапайым би қимылдары: шапалақтау және бір уақытта аяқпен тарсылдату, жартылай отыру, аяқтан аяққа тербелу дағдыларын жетілдіру; Музыканың сүйемелдеуімен жүру және жүгіру, қол ұстасып, жұптасып, шеңбермен жүру дағдыларын қалыптастыру;